

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Гуманитарлық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Гуманитарная серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3439

№ 3 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Гуманитарная серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

KZ46VP400029271

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области истории,
правоведения и общественных наук

Подписной индекс – 76131

<https://doi.org/10.48081/YMQF9232>

Бас редакторы – главный редактор

Бегимтаев А. И.

к.полит.н.

Заместитель главного редактора

Шамшудинова Г. Т., *доктор PhD,*

ассоц. профессор

Ответственный секретарь

Турлыбекова А. М., *к.и.н., ассоц. профессор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Акишев А. А.,	<i>д.полит.н., профессор;</i>
Алтыбасарова М. А.,	<i>к.полит.н., доцент;</i>
Ветренко И. А.,	<i>д.полит.н., профессор (Россия);</i>
Шашкова Я. Ю.,	<i>д.полит.н., профессор, (Россия)</i>
Дронзина Т. А.,	<i>д.полит.н., профессор (София, Болгария)</i>
Абдикакимов М. Т.,	<i>доктор PhD</i>
Ермаханова С. А.,	<i>к.социол.н.</i>
Сағиқызы А.,	<i>д.филол.н., профессор;</i>
Кожамжарова М. Ж.,	<i>к.филол.н.</i>
Ахметова Г. Г.,	<i>к.филол.н., профессор;</i>
Уызбасва А. А.,	<i>доктор PhD;</i>
Аубакирова С. С.,	<i>доктор PhD</i>
Альмуханов С. Х.,	<i>к.филол.н., профессор;</i>
Кадыралиева А. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Манасова М. М.,	<i>доктор PhD;</i>
Ахмеджанова Г. Б.,	<i>д.ю.н., профессор;</i>
Олжабаев Б. Х.,	<i>к.ю.н., ассоц. профессор;</i>
Ишеков К. А.,	<i>д.ю.н., профессор (Россия);</i>
Таштемханова Р. М.,	<i>д.и.н., профессор;</i>
Азербайев А. Д.,	<i>доктор PhD;</i>
Шокубаева З. Ж.	<i>(тех. редактор).</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

***Н. О. Байгабылов**

Франфурт қолданбалы зерттеулер университеті,
Германия, Майндағы Франкфурт қ.

**МИГРАНТТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК
БЕЙІМДЕЛУІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР**

Көші-қон процестері бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Қабылдаушы аймақтардың көші-қон кезіндегі мигранттардың психологиялық, психоәлеуметтік және әлеуметтік әл-ауқаты басты мәселе болып табылады. Көші-қон саласында мигранттардың әсіресе балалардың тиімді әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету шарттары мен тетіктерін зерттеу басты мәселелер қатарында. Мигранттардың әлеуметтік мәдени жағдайлар негізінде жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі. Өз бетінше қоныс аударатын балаларда көші-қон үрдісінде ерекше категория ретінде.

Мигранттар отбасынан шыққан балалар мен жасөспірімдер әртүрлі деструктивті әрекеттердің белсенді қатысушылары болып табылады. Деструктивті мінез-құлқы, әдетте, қабылдаушы орта баланың ұнату, ұнатпауына қарамастан, бұрын таңыс болмаған құндылықтарға, жалпы мінез-құлық модельдеріне, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасқа және т.б. байланысты проблемаларға қарамастан жаңа мәдени жағдайларға яғни әлеуметтік ортаға бейімделуі керек және осы бағытта қолдауды қажет етеді.

Шетелдік ғалымдардың зерттеулерін қарағанда, мигрант отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдер ауыр жарақатсыз әлеуметтік бейімделуі, өз мәдениетін сақтай отырып, жаңа мәдениетке интеграциялану қажеттілігі зор.

Осы аталған тақырып төңірегінде әлеуметтік қызметкер басты кейіпкер ретінде ортаға шығады. Әлеуметтік қызметкердің мигранттардың әлеуметтік бейімделуіндегі ролі зор және педагогикалық проблемаларды да назардан тыс қалдырмау қажет.

Кілтті сөздер: мигрант, әлеуметтік қызметкер, бейімделу, көші-қон.

Кіріспе

Көші-қон процестері саяси және экономикалық салалардағы проблемалармен қатар жүретіні белгілі. Қабылдаушы елдердің, немесе ішкі көші-қон кезіндегі қабылдаушы қалалар мен аудандардың экономикалық жағдайлары және мигранттардың психологиялық, психоәлеуметтік және әлеуметтік әл-ауқаты әртүрлі (мысалы, жұмыссыздық деңгейі) болып табылады. Көші-қон үрдісіндегі ерекше санатта саналатын балалар мен жасөспірімдер кез-келген нәрсеге сезімтал болады, олардың наразылық мінез-құлқы жеке дамуға және жаңа ортаға бейімделуге кедергі келтіреді. Осыған байланысты, көші-қон саласындағы балалардың тиімді, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету басты мәселес. Ата-аналардың балаларымен бірге әртүрлі елді мекенге жиі көшуі баланың мінез-құлқына әсерін тигізеді. Бұл басқа да проблемаларды тудыруы мүмкін.

Қазіргі қоғам мен әлеуметтік жұмыстың негізгі бір мақсаты мигранттарға олардың білімі мен әлеуметтік бейімделуіне көмектесу болып табылады, өйткені білім беру ең күрделі элемент және әртүрлі. Осыған байланысты Вильгельм фон Гумбольдт пікірі: «білім – бұл «Мен» және сыртқы әлем арасындағы үздіксіз және еркін өзара әрекеттесу, ол үздіксіз сипатқа ие. Білім – бұл ешқашан аяқтауды білмейтін динамикалық құбылыс» [1, 2 б.].

Мигранттар саны мемлекеттің объективті әлеуметтік-экономикалық мүмкіндіктерінен асып кетсе, елдегі жағдай тұрақсыз болуы мүмкін, бұл бүгінде бірқатар елдерде байқалады. Көбінесе жастар, оның ішінде мигранттар отбасынан шыққан жасөспірімдер әртүрлі деструктивті әрекеттердің белсенді қатысушылары болып табылады. Мигранттар отбасынан шыққан балалар мен жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқы, әдетте, қабылдаушы орта баланың ұнату, ұнатпауына қарамастан, ата-анасымен бірге көшіп келген ол мәдениетке, бөтен, бұрын таныс болмаған құндылықтарға, жалпы мінез-құлық модельдеріне, жергілікті тұрғындармен қарым-қатынасқа және т.б. байланысты проблемаларға қарамастан жаңа мәдени жағдайларға яғни әлеуметтік ортаға бейімделуі керек және осы бағытта қолдауды қажет етеді. Осы мақсатта әлеуметтік қызметкердің ролі зор.

Зерттеудің әдіснамасы

Мигранттармен әлеуметтік жұмысты зерттеу көші-қон құбылысының мәнін түсіндіруді қамтиды. Біріншіден, халықтың көші-қонын зерттеудің көптеген тәсілдері бар. Әлеуметтік ғылымдар көші-қон үрдісін өз тұжырымдасы тұрғысынан қарастырады (демография, экономика, әлеуметтану, мәдениеттану, саясаттану, құқық, география, тарих, антропология). Әлеуметтік ғылымдарда осы тұжырымдаманы анықтауға жалпы көзқарас жоқ. Мигранттармен әлеуметтік жұмыс үшін мұндай жағдай

әлі де жүйелеуді қажет етеді. Екіншіден, мигранттармен әлеуметтік жұмыс олардың ғылыми және практикалық институционализациясының басында қолданыстағы мектептер мен бағыттар нәтижелі зерттеулер жүргізді, олардың ғылыми, соның ішінде әлеуметтік жұмыс үшін құнды эмпириялық материалдарды жинақтады. Ғылыми тәсілдердің плюрализмінің шарттары олардың салалық тұжырымдамасын біртіндеп қалыптастыру арқылы, қажетті көші-қон тұжырымдамасына көшуге мүмкіндік береді. Мигранттардың балалары үшін интеграциялық мәдениаралық байланыс, яғни мигранттың біртұтас қауымдастыққа бірігу кезінде өзінің мәдени ерекшелігін сақтауы қажет. Мигрант бала екі мәдениетті де синтездейді, олардың байланысын бекітеді. Бұл үшін осындай балалардың интеграциясы мен әлеуметтік-мәдени бейімделуіне психологиялық қолдау қажет, олар басқа мәдениетке тез еніп, жаңа мәдениеттің өкілдеріне тән белгілі бір қасиеттерге ие бола алады, сонымен қатар олардың мәдени құндылықтарын сақтайды. Бұл проблемалардың өзектілігі қоғамдық санада, көркем шығармашылықта, ғылыми рефлексияда да көрінеді.

Зерттеудің нәтижелері

Қазіргі әлемдегі көші-қон процестері қабылдаушы ел халқының көбеюіне ғана емес, сонымен бірге оның әлеуметтік құрылымын және нәтижесінде жалпы мәдени фонын өзгерте алады.

Мигрант – қоныс аударушы, яғни тұрақты тұрғылықты жерін мәңгі немесе көп немесе аз уақытқа ауыстырумен белгілі бір аумақтардың шекараларын кесіп өтетін адам. Бұл ұғымының кең түсіндірмесінде мигрант – бұл туристік, рекреациялық және іскерлік мақсаттар үшін басқа елдерге немесе елді мекендерге эпизодтық сапарлар жасайтын немесе екі елді мекен арасында үнемі (күн сайын, апта сайын) жүретін немесе әртүрлі мерзімге (ай немесе одан да көп) өз тұрғылықты жерінен басқа жерлерде уақытша жұмыс істеуге кететін немесе тұрақты тұрғылықты жерге қоныс аударатын кез келген адам. Оның шағын ұйғарымында көшіп-қонушы тұрақты тұратын жерін өзгертетін басқа жерге (елді мекенге) қоныс аударушы болып табылады.

Сондай-ақ, өз бетінше қоныс аударатын балаларды атап өту керек, олар әдетте көптеген факторлардан өз еркілері мен қалаулары бойынша елден немесе қаладан қашады. Қазақстанның ішкі көші-қонында бұл мәселе бойынша статистика жоқ, алайда БҰҰ-ның статистикасының деректеріне сәйкес 2011 жылы бүкіл әлем бойынша халықаралық көшіп-қонушылардың саны шамамен 214 млн адамды немесе әлем халқының 3,1 пайызын құрайды; тағы 740 млн адам өз елдерінің шегінде қоныс аударады. Дүниежүзілік Банктің мәліметтері бойынша, дамушы елдерден көші-қон ағынының үштен бір бөлігін 12–24 жас аралығындағы жастар құрайды. Мигранттар – 18 жасқа

дейінгі миллиондаған балалар, олар ата-аналарымен бірге жүреді немесе өздері ересектерсіз қоныс аударады.

Көші-қон процесінде балалар көбінесе зорлық-зомбылыққа, соның ішінде олардың еңбегін пайдалануға эксплуатацияға ұшырайды [2, 1 б.]. Әлеуметтік түсініктегі мигранттар–бұл әлеуметтік топтар, олардың мүшелері өздерін жаңа тұрғылықты жердегі мінез-құлықтың ажырамас субъектісі ретінде сезінеді және топтық ынтымақтастық сезімін сезінеді.

Мигрант балалардың қоршаған ортаның қазіргі жағдайында бейімделу процесі жана жағдайларға бейімделу үшін үлкен ішкі зияткерлік және эмоционалды ресурстарды жұмсауы қажет. Мигрант балалар мазасыздық пен стрессті жеңуде қолдауды қажет етеді, таныс ортамен және олар қоныс аударғанға дейін жақын адамдарымен қатынастың үзілуі қосымша ауырлық. Көші-қон процестері белгілі бір ерекшелікпен сипатталатын және өзінің шұғыл және егжей-тегжейлі шешімін талап ететін «балалар» проблемаларының тұтас кешенінің туындауына алып келеді.

Көші-қон саласындағы зерттеулер бойынша О. В. Дацко және С. М. Фурса нақты және маңызды «балалар» проблемаларын анықтайды:

– әдеттегі жағдайдың мәжбүрлі өзгеруімен байланысты психологиялық стресстер (жасөспірімдер, ересектерге тәуелді болғандықтан, әрқашан мәжбүрлі мигранттар болып табылады) және әдеттегі отбасылық, табиғи-аумақтық, мәдени-коммуникативтік және басқа байланыстардың құрылымын бұзумен байланысты;

– әлеуметтік қажеттіліктер мен құндылықтар жүйесіндегі сәйкессіздік, немесе сәйкестілік дағдарысы;

– өзіне және өмірдің әртүрлі аспектілеріне жалпы қанағаттанбау;

– бала үшін жаңа қарым-қатынас ортасына кірігудің қиындықтары, соның салдарынан жиі туындайтын психикалық шиеленіс пен үрей, жоғары жанжалдар мен агрессивтілік, бас тарту және иеліктен шығару және т.б [3, 21 б.].

Бейімделген бала – бұл өзіне берілген жаңа педагогикалық ортада өзінің зияткерлік, физикалық, жеке және басқа да әлеуетін жан-жақты дамытуға ұмтылатын бала.

Мигрант субмәдениетінің әсерінен өмір сүретін және көпшілік мәдениетке тап болған мигрант бала өте қиын дағдарыстық жағдайда: оның отбасы тұрғылықты жерін толығымен өзгерту туралы шешім қабылдағанына қарамастан, ол мигранттардың ұрпағы болып табылады, толыққанды жеке даму үшін көп жұмыс жасау қажет. Оң этнодентизм және осыған байланысты этнотолерантизмнің қалыптасуы. Мұнда баланы дін мен ана тілі сабақтары түрінде этнодентикалықты таңдауда, мектептегі білім мазмұнына түрлі мәдени архетиптерді (ертегілер, әндер, ойындар) енгізуде педагогикалық

қолдау үлкен рөл атқарады. Мұның бәрі басым мәдениет пен азшылық мәдениет балалардың өзара әрекеттесуіне ықпал етеді, баланың жаңа мәдени ортаға бейімделуін тездетеді, сонымен бірге мигрант баланың жеке этникалық ерекшелігін жоғалтуына жол бермейді.

Тағы бір педагогикалық проблема – әр түрлі жастағы балалардың жаңа айналадағы шындықтың әлеуметтік-мәдени жағдайларына бейімделуі. Бастауыш сынып оқушыларында бұл проблема негізінен тілді білмеу мен түсінбеушілікпен, онымен қарым-қатынас жасай алмауымен байланысты, содан кейін жасөспірімде бейімделу белгілі бір жас проблемаларымен қиындайды. Әлеуметтік, психологиялық және жас ерекшеліктеріне байланысты бұл жас кезеңі (жасөспірім) әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында эмоционалды тәжірибеге үлкен сезімталдықпен сипатталады, мигрант жасөспірімдер психологиялық дағдарысқа бейім. Мұндай дағдарыстың көріністерінің бірі-дүниетанымның өзгеруі, бейімделу, ересек өмірге кіру қиындықтары. Мигрант жасөспірімдер – бұл қоршаған ортаның өзгерген жағдайларына оңай бейімделуге көмектесетін арнайы жағдайлар жасауды қажет ететін халықтың ерекше жас және әлеуметтік санаты.

Бейімделген мигрант бала өзі өмір сүретін қоғамның нормаларын, құндылықтары мен дәстүрлерін қабылдаумен, адамдармен қарым-қатынастың бара-бар жүйесін құрумен, барлық деңгейлерде өз әлеуетін дамыту қабілетімен сипатталады. Демек, мигрант отбасыларындағы балалардың бейімделу процесінің тиімділігінің маңызды шарттарының бірі өмірлік қажеттіліктерді барынша қанағаттандыру болып табылады, олардың арасында келесі қажеттіліктер үлкен мәнге ие болады:

- әлеуметтік-психологиялық қорғалу мүмкіндігі;
- болашаққа деген сенімділік;
- қоғамдастық сезімі;
- қолайлы өмір сүру жағдайлары;
- жақсы қарым-қатынас;
- білім алу;
- белгілі бір топтың мүшесі болу;
- өзін-өзі тану;
- материалдық әл-ауқат.

Мигрант жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесін зерттеу өте маңызды. Ол үшін мигрант жасөспірімдерді бейімдеу бойынша әлеуметтік-психологиялық жұмыстың жаңа тұжырымдамасын, осы процесті психологиялық-педагогикалық қолдаудың ғылыми-практикалық негіздерін әзірлеу және пайдалану қажет. Мигрант жасөспірімдердің жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламаларындағы этномәдени

ерекшеліктерін ескеру осы процестің негізі болып табылады. Зерттеу тұжырымдамасы бірқатар тәсілдерге негізделген:

- психологиялық тәсіл процестің жеке тұлға үшін маңыздылығымен сипатталады;
- әлеуметтанулық тәсіл қоғам үшін маңызды;
- бейімделуді тек оған бейімделуді ғана емес, қоршаған ортаны белсенді түрлендіруге бағытталған интегралды процесс түрінде қарастыруға мүмкіндік беретін жүйелік тәсіл [5, 81 б.].

Қабылдаушы ортаның мәдениетін, тарихы мен әдет-ғұрпын білу және түсіну қажеттілігінің болмауы немесе төмен болуы, мигрант отбасыларындағы балалардың қазіргі және болашақтағы оң бейімделуі мен табысына ықпал ете алмайды. Бұл әрқашан жеке тұлғаның деструктивтілігінің және елдегі этносаралық шиеленістің қалыптасуына әкеледі. Бұл тұжырым ресейлік ғалымдардың нәтижелерімен расталады, олар әлеуметтік ортамен белсенді өзара әрекеттесу қажеттілігі мінез-құлықтың зиянды формаларының пайда болуына әкеледі, ал нормативтік мінез-құлықты көрсету көбінесе қорғаныш болып табылады [7, 87–91 б.].

Шетелдік ғалымдар мен практиктердің зерттеулерін қарағанда, мигрант отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдердің этномәдени бейімделуі сәтті болатын, ауыр психологиялық жарақатсыз, позитивті көзқарастар мен қажеттіліктерді қалыптастыратын жағдайларды атауға мүмкіндік береді, өз мәдениетін сақтай отырып, жаңа мәдениетке интеграциялау қажеттілігі.

1) көшіп-қонушылар отбасыларынан шыққан балаларға мейірімді білім беру және әлеуметтік кеңістіктің болуы;

2) көшіп-қонушылар отбасында және оның мүшелерінде жаңа мәдениетке кірігу, отбасы ортасында қажетті тілдерде қарым-қатынас жасау, ұлттық көпшіліктің салт-дәстүрлерін, нормалары мен қағидаларын меңгеру және қабылдау қажеттілігі;

3) көшіп-қонушылар балаларының жергілікті халықпен жанжалсыз, толерантты өзара іс-қимылы (толеранттылық екі жақтан да байқалуға тиіс);

4) көшіп-қонушылар отбасыларынан шыққан балалардың білім беру, әлеуметтік, мәдени және өзге де қатынастар жүйесіне дағдарыссыз этномәдени бейімделуі;

5) білім беру, әлеуметтік және ұлттық-мәдени ұйымдардың қызметіне мәдениетаралық білім беру мен мәдениетаралық диалог технологияларын интеграциялау;

б) мәдени әралуандылық пен мәдениетаралық ашықтықты тану.

Көші-қонды анықтауда, әрине, әмбебап белгі болуы керек-бұл аумақтық қозғалыс. Бірақ әлеуметтік қызметкер үшін көші-қонның белгілі бір жеке

құрылымдармен алшақтығы және жаңа жеке құрылымдарға қатысты бейімделу мен интеграция проблемаларының пайда болуы сияқты жақтарын атап өткен жөн.

Әлеуметтік қызметкерлер қиын өмірлік жағдайда көмектеседі, мигранттардың және де олардың балаларының бейімделу жағдайын жеңілдетеді, әлеуметтік ынтымақтастықты қолдайды, жеке және топтық деңгейде әлеуметтік шиеленісті жеңілдетеді, жеке, топтық және ұлттық мемлекеттік сәйкестікті іздеуді жеңілдетеді.

Әлеуметтік қызметкер мигранттардың күнделікті қажеттіліктерін, заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асырудың ерекшеліктерін ескеруі керек.

Әлеуметтік бейімделу процесін психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұнын құрайтын психологиялық-педагогикалық бағдарламалар жеке, мәдени ерекшеліктерді, сондай-ақ жасөспірімнің проблемалары мен оның ерекшеліктерін ескере отырып, психологиялық тұрақтылық пен әлеуметтік норма ретінде толеранттылық пен жағымды жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталуы керек. Бұл бейімделу бағдарламалары жан-жақты болуы керек, яғни әртүрлі салаларды қамтуы керек: әлеуметтік жұмыс, әңгімелесу терапиясы, психология.

Мигрант балалармен жұмыс кезінде оқу кезеңіне, идеялардың динамикасына байланысты білімнің қазіргі деңгейін ескеру қажет. Оқыту мен тәрбиелеу ұлттық мәдениеттің, этникалық және мәдениаралық процестердің әсері арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік бейімделудің даму деңгейі баланың ұлтына байланысты емес екенін атап өткен жөн. Мәдени ерекшеліктер баланың бейімделу және танымдық кезеңіне әсер етеді. Көшіп-қонушы балаларға тиімді әлеуметтік қолдау көрсету қажет, өйткені қоршаған ортаның құбылмалы жағдайларында оларға жай адами қарым-қатынас жеткіліксіз. Бала кезінен жиі қабылдайтын отбасылық, діни, мәдени құндылықтарды түсіну маңызды әрі пайдалы. Бұл әртүрлі этникалық мәдениеттерден шыққан балаларды бейімдеу бойынша жұмысты сауатты жоспарлауға мүмкіндік береді. Мигрант балалармен жұмыс жасау кезінде маңызды компонент отбасылық және мектеп ортасының өзара әрекеттесуі болып табылады, өйткені шетелдік мәдени ортадан шыққан бала өмірінің осы компоненттері арасында жиі бұзылады. Мектептегі оқудың бірінші жылында баланың бүкіл өмір салты өзгереді, оның әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі орны өзгереді, сондықтан бұл кезең баланың өміріндегі бетбұрыстық қиын кезең. Мектеп балаға жаңа, қатаң талаптар қояды. Жасөспірімге қойылатын талаптардың жоғарылауына байланысты ұлтына қарамастан барлық балалардың мінез-құлқы мен оқуында белгілі бір қиындықтар туындауы мүмкін, бірақ бұрын келтірілген бірқатар себептерге байланысты мигрант

балаларға кейде қиынырақ болады. Сондықтан, білім беру мекемесінде мигрант балалармен жұмыс кең, жан-жақты жүруі керек.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көшіп-қонушы отбасылардан шыққан балалардың негізгі проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс:

1) көшіп-қонушы балалардың қарым-қатынасының бұзылуымен байланысты проблемалар (тіл менгеру деңгейінің төмендігіне байланысты). Байланыс мәселесі мигрант балалар арасында жиі кездеседі. Оқуға кіріскендер әр түрлі мектеп жағдайларында сынып жетекшісімен, мектеп әкімшілігімен, басқа мұғалімдермен және ең бастысы сыныптастарымен және басқа оқушылармен сөйлесуге мәжбүр;

2) эмоциялық проблемалар (агрессивтілік, мазасыздық және т.б.);

3) негізінен балалардың физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты басқа да проблемалар.

Өз елді мекенінен басқа жерге көшіп келген мигранттар көп жағдайда маргинал жағдайында болады. Олар көбінесе өздері көшіп келген елдің байырғы тұрғындарының ыңғайсыздығын, құқықтарын бұзуды, кемсітуді және ұнатпауын сезінеді. Әлеуметтік бейімделу мигранттардың басты проблемаларының бірі болып табылады. Әсіресе, бұл проблема мигранттардың балаларына айтарлықтай әсер етеді, өйткені олар жеке тулға ретінде дами бастайды және әлеуметтенудің негізгі кезеңдерінен өтеді. Бірақ осы кезеңдерде олар мәдени құндылықтарға, моральдық және этикалық нормаларға, басқа мәдениеттің, басқа «әлемнің» бейресми мінез-құлық ережелеріне бейімделуі керек. Тек сәтті әлеуметтік бейімделу нәтижесінде бірінші буын мигранттарының балалары, сондай-ақ елдің байырғы тұрғындары сияқты, қоғамда жеке және кәсіби тұрғыдан қалыпты жұмыс істей алады және дами алады.

Мигранттардың балалары мектепте және басқа ортада көптеген қиындықтарға тап болады. Олар көбінесе ата-аналарымен бірге өте қиын өмірлік жағдайларға тап болады, оларды жеңуге, проблемаларды шешкеннен кейін бейімделуге, қажетті дағдыларды үйренуге және жеке ресурстарын жұмылдыруға көмек қажет. Әлеуметтік жұмыс мигранттардың балалары мен мемлекеттік көші-қон саясатының ажырамас бөлігі және байланыстырушы буыны болып табылады, өйткені оның бағыттарына сәйкес клиенттердің осы санатына әлеуметтік көмек пен қолдау қалыптасады. Мигрант балаларға көмек көрсетудегі басты мәселе-олар оқитын және ұзақ уақыт өткізетін мектеп пен сыныптарда жеке және топтық жұмыс. Әлеуметтік қызметкерлермен қатар, әлеуметтік педагогтар мен психологтар осы қызмет түрімен айналысады,

өйткені мигранттардың балаларымен жұмыс қиын және жан-жақты көзқарасты және әртүрлі нюанстар мен бөлшектерді зерттеуді қажет етеді.

Сондай-ақ, әлеуметтік қызметкер мектепте мигранттың баласымен ғана емес, сонымен бірге оның отбасымен де жұмыс істеуге бағытталған. Мектеп арқылы бейімделу механизмі тек еңбек мигранттарының отбасыларындағы балаларға ғана емес, олардың ата-аналарына да әсер етеді. Мектеп – бұл мигранттар «ресми әлеммен» кездесетін кеңістік. Олар:

– құжаттарды рәсімдеу және отбасы туралы ақпарат беру қажеттілігіне тап болады;

– мектеп ішінде белгілі бір ережелерді сақтауды талап етумен;

– отбасында қалыптасқан тәжірибені өзгерту қажеттілігімен (ана тілін емес, қабылдаушы орта тілін қолдану).

Мигранттар отбасынан шыққан баланы әлеуметтендіру, зерттеушілердің пікірінше, адамның бала үшін жаңа мәдениеттің, оның ішінде жаңа балалар субмәдениетінің нормалары мен құндылықтарын игеру, ересектермен және балалармен қарым-қатынаста ізгілікке, құрметке және әдептілікке тәрбиелеу процесі. Сонымен қатар, әлеуметтік бейімделу жаңа әлеуметтік ортаға бейімделумен ғана шектелмейді, сонымен бірге баланың шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруда педагогикалық көмек пен қолдауды қамтиды. Әлеуметтік оқшаулау-бұл мигранттардың балалары мен мектептегі «иммигранттардың» балалары кездесетін негізгі мәселелердің бірі.

Мигрант балалардың бейімделу мәселелерін қарастыра отырып, бұл проблемаларға қызығушылықтың күрт өсуін атап өткен жөн. Бұл қызығушылықтың жалпы себептері:

1) аз дамыған елдерден неғұрлым дамыған елдерге көші-қонның едәуір жандануы;

2) мигранттарды қабылдайтын елдердің міндеттемелеріне сәйкес оқуға және бейімделуге жататын мигранттардың балалары санының өсуі;

3) білім беру саласындағы әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі, өйткені мигранттардың балаларының сапалы білімге қол жеткізу мүмкіндігі төмен; көшіп-қонушылар, олардың балалары және еңбек, этникалық, діни және өзге де негіздегі елдердің байырғы (жергілікті) халқы (ересектер мен балалар) арасындағы шиеленіске дейін жететін қайшылықтар және т.б. [6, 3 б.].

Г. Е. Зборовский мен Е. А. Щуклианың зерттеуі бойынша, авторлар мигранттардың балаларын, ең алдымен ата-аналарымен, туыстарымен, құрдастарының қауымдастықтарымен, мұғалімдермен өзара әрекеттесетін ерекше әлеуметтік қауымдастық ретінде қарастыруды ұсынады. Авторлар оқу, әлеуметтік-психологиялық және мәдени компоненттерден тұратын мигранттардың балаларын бейімдеудің үш деңгейлі моделін ұсынады. Оқуға

бейімделу дегеніміз-мектеп мінез-құлқының белгіленген нормалары мен құндылықтарын игеру, жасөспірімдерді оқу және тәрбие іс-шараларына қосу, олардың сыныптан тыс жұмыстарға қатысуы [7, 74 б.].

Көші-қонның ең өзекті проблемаларының ішінде мигрант балаларды білім беру, мәдени-демалыс және әлеуметтік қызметтің түрлеріне сәтті тартуға кедергі келтіретін тілдік және әлеуметтік-мәдени кедергілерді атап өткен жөн. Көптеген адамдарға тілді меңгеру қиын болатын басқа мәдени ортаға кірудің қиындығы, жаңа қоғам мәдениетінің нормалары мен негізгі құндылықтары туралы идеялардың болмауы, күнделікті өмірдің ерекшеліктерін және тұлғааралық қарым-қатынас нормаларын білмеу, студенттер тобында және мұғалімдер құрамымен қарым-қатынас қиындықтары, оқу материалын игерудің оңай шешілмейтін мәселелері-мигранттардың балалары кездесетін негізгі проблемалар.

Дәл осындай жағдай білім беру жүйесінде байқалады. Жалпы білім беретін мектепке түсе отырып, бала жаңа тілдік мәртебеге ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік-топтық міндеттемелерге де ие болады. Қазіргі жаһанданған әлемде Халықаралық көші-қон ағындары күрделі және көп өлшемді құбылыс бола отырып, барған сайын маңызды бола түсуде. Олардың көптеген сипаттамалары мен әртүрлі бағыттары бар, олардың бірі білім беруді интернационализациялауға және жоғары білікті мамандарға деген сұранысқа байланысты білім беру интеграциясы болып табылады. Шын мәнінде, білім беру көші-қоны – бұл өңірлік қоғам үшін де, жалпы ұлттық бірлестіктер үшін де жаһандық зияткерлік капитал.

Мигранттардың бейімделу мәселесі әлі күнге дейін ең күрделі және теориялық тұрғыдан маңызды болып табылады. Басқа мәдениетпен байланыс психикалық денсаулықтың бұзылуына, психикалық күйзелістің болуына әкеледі, оны белгілеу үшін «мәдени шок» термині 1970–1980 жылдары кросс-мәдени психологияда енгізілген. Бұл тұжырымдаманы американдық антрополог Ф. Бок енгізді [8, 31 б.]. Мәдени шок гипотезасы жаңа мәдениеттің тәжірибесі жағымсыз немесе таңқаларлық екендігіне негізделген, өйткені ол күтпеген, ал ішінара ол өз мәдениетін теріс бағалауға әкелуі мүмкін. Адам шетелдік қоғамда өз қажеттіліктерін қанағаттандыруда айтарлықтай қиындықтарға тап болады, ол өзін дәрменсіз және бағдарсыз сезінеді. Көптеген психологтар жоғарыдағы тұжырыммен келіспеді. Олар адамның мұндай жағдайы «шок» ұғымына және шок кезінде адаммен болатын процестерге сәйкес келмейді деп жазды, өйткені мигрант бейімделу қабілетінің ресурсын сақтай отырып, әрекет етуді жалғастырады және шындықтан «шықпайды». Бұл жағдайда, дәлірек айтқанда, «стресс» термині,

ол шоктан ерекшеленеді, ол адам қоршаған ортаны қабылдай алады, жаңа мәдениеттің сипаты мен күшіне сәйкес қайта бейімделеді [9, 32 б.].

Көші-қон саясаты-экономикалық және әлеуметтік саясаттың маңызды элементі. Мысалы, Еуропалық Одақ интеграциялық тіректердің бірі ретінде иммиграциялық саясатқа ерекше назар аударады. АҚШ пен Канада жыл сайынғы мигранттарды іріктеуге өте маңызды мән береді. «Көші-қон саясаты» ұғымы барған сайын көлемді бола түсуде және қызметтің сараланған салаларын қамтиды. Әлеуметтік саясаттың бөлігі ретінде көші-қон саясаты – бұл көші-қон ағындарын басқару ғана емес, сонымен бірге селективті механизмдерді құру, сонымен қатар иммигранттарды қабылдаушы қоғамға интеграциялау қызметі және т. б. Көші-қон саясатының осындай әлеуметтік компоненті Бельгияда, Данияда, Германияда және басқа да елдерде орнатылды. Оны қамтамасыз ету үшін мигранттарды интеграциялаудың мемлекеттік бағдарламалары қабылданады, иммигранттарды қабылдау критерийлері жасалады, әлеуметтік жұмыс мамандары оқытылады. Мигранттар үшін мемлекет ұйымдастыратын Голландия, Бельгия, Германиядағы тіл курстары тек тіл үйренуге ғана емес, сонымен бірге қоғамға интеграциялау жұмыстарының сипатына ие. Арнайы мемлекеттік билік органдарының құрылуы кездейсоқ емес, интеграция министрлігі (Германия), абсорбция министрлігі (Израиль), интеграция басқармалары (Швеция) [10, 40 б.].

Жергілікті деңгейде әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру құрылымы әдетте ұйымның екі моделі түрінде болады:

- бар проблемалардың (немесе секторлардың) айналасындағы ұйым;
- аумақтық принцип бойынша ұйым.

Бар проблемалар (немесе секторлар) төңірегінде ұйымдастыру әлеуметтік жұмыс клиенттердің проблемаларына сәйкес жүзеге асырылатынын білдіреді: балалармен әлеуметтік жұмыс мәселелері бойынша әлеуметтік қызметкерлер, алкогольизм, мүгедектер, қарттар проблемаларымен айналысатын мақсатты әлеуметтік көмек, мигранттарды біріктіру және бейімдеу жөніндегі мамандар және т.б.

1970 жылдары Еуропа елдері аумақтық принциптің әсерін күшейте отырып, муниципалды басқару жүйелері сияқты әлеуметтік қамсыздандыру функцияларын қайта құра бастады. Әлеуметтік жұмыстың әртүрлі түрлері бойынша мамандар тобы адамдар саны бойынша оңтайлы аумақта Халыққа қызмет көрсету бойынша бірлескен қызметті бастады. Ұлыбританияда аумақтық принципке негізделген әлеуметтік қызметтерді ұйымдастыруды жоспарлау бойынша мұқият жұмыс жүргізілді. Көптеген басқа елдер осы үлгіні ұстанды. 2000 тұрғын тұратын аумақ оңтайлы деп есептелді. Бұл, бір жағынан, әлеуметтік қызметкерлерге осы аумақта тұратын адамдарды

жақсырақ зерттеуге мүмкіндік берді, ал екінші жағынан, онда тұратын адамдар әлеуметтік қызметкерлерді тани алды [11, 15 б.].

Орталық Еуропа елдерінде, Германияда әлеуметтік қызметкерлер көбінесе шіркеудегі қоғамдық бірлестіктерде немесе әлеуметтік ұйымдарда жұмыс істейді. Ерікті ұйымдар Скандинавия елдерінде де әлеуметтік қызметкерлерді жалдайды. Бұған дейін кәсіпорындар әлеуметтік қызметкерлерді жалдау арқылы өз қызметкерлеріне әлеуметтік қызмет көрсететін. Бұл тәжірибе аз қолданыла бастады, бірақ Испания мен Нидерландыдағы жеке кәсіпорындарда сақталады. Сондай-ақ, интеграция мамандары оңалту орталықтарында, кеңес беру пункттерінде, өзіне-өзі көмек көрсету топтарында, Қызыл Кресттің қызметтерінде, мектептерде, әлеуметтік мәселелер бойынша заңгерлік кеңестерде, полиция қызметтерінде жұмыс таба алады.

Қорытынды

Мигранттар – бейімделу мен интеграция үрдісінде әлеуметтік көмекке мұқтаж субъектілер.

Әлеуметтік қызметкерлердің көзқарасы бойынша, көші-қон әлеуметтік ортадағы адамдардың немесе жеке тұлғалардың белгілі бір топтарының қарым-қатынасын өзгерту және қалыптастыру контекстіне енеді. Бұл қатынастар әлеуметтік ортаның атрибуттары ретінде әртүрлі сәйкестіктердің келесі әмбебап өзара әрекеттесуін жояды. Интеграция стратегиясы мигранттардың қосылуын қамтиды, бұл олардың қабылдаушы қоғамның мәдени нормаларын қабылдауға әкеледі. Интеграция мүмкіндіктері шексіз емес, ал олқылықтар елеулі проблемалар туғызады. Мультимәдениет стратегиясында да ерекше мән беру керек. Интеграция стратегиясы, атап айтқанда, мигранттардың әртүрлі ағындарын саралауды, негіздеуді жаңартуды қажет етеді.

Мигранттар отбасынан шыққан балалар мен жасөспірімдер әртүрлі деструктивті әрекеттердің белсенді қатысушылары ретінде оларды жаңа мәдени жағдайларға яғни әлеуметтік ортаға бейімделуі керек және осы бағытта қолдау қажет. Мигрант отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдер ауыр жарақатсыз әлеуметтік бейімделуі, өз мәдениетін сақтай отырып, жаңа мәдениетке интеграциялану қажеттілігі зор. Әлеуметтік қызметкердің мигранттардың әлеуметтік бейімделуіндегі ролі зор және педагогикалық проблемаларды да назардан тыс қалдырмау маңызды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Михайлова, Н. В.** Особенности организационной работы с детьми-мигрантами и беженцами. – Осиповичи, 2016. – 9 с.
- 2 Save the Children’s Child Protection Strategy 2013–2015 / Making the world a safe place for children // Electronic resource. – 2013. – 40 p.
- 3 **Алиева, Т. И., Бучилова, И. А.** Проблемы социокультурной адаптации детей младшего школьного возраста, воспитывающихся в условиях двуязычия в семьях мигрантов // Сборники конференций НИЦ Социосфера. – М., 2013. – 154 с.
- 4 **Бондырева, С. К., Колесов, Д. В.** Көші-кон (мәні мен құбылысы). – М. : Мәскеу психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы. – Воронеж, 2004. – Б. 53–71.
- 5 **Зборовский, Г. Е., Щуклина, Е. А.** Обучение детей мигрантов как проблема их социальной адаптации // Социологические исследования. – Екатеринбург, 2013. – С. 80–91.
- 6 **Баранова, В. В.** Языковая социализация детей мигрантов / Антропологический форум. – Санкт-Петербург, 2012. – С. 157–172.
- 7 **Шапошникова, Т. Д.** К проблеме адаптации детей из семей мигрантов в современном социокультурном пространстве / Нач. шк. плюс до и после. – Ростов н/Д, 2012. – С. 87–91.
- 8 Дети-мигранты в российских школах [Статья о Школах] / ГлавСправ., 2011. – 3 с.
- 9 **Габуня, Г. Г.** Программа психолого-педагогического сопровождения социокультурной адаптации детей мигрантов. – М., 2007. – 74 с.
- 10 Дополнительная общеобразовательная программа «Будем знакомы» (социокультурная адаптация детей-мигрантов 6,5–10 лет). – СПб., 2018. – 37 с.
- 11 **Kultan, T. V., Kozik, J., Minasyan, T.** Meaningfulness of Academic Migrants : Education, Its Assessment and Modeling on IT-based Technologies. – Moscow, 2016. – P. 485–498.

REFERENCES

- 1 **Mihajlova, N. V.** Osobennosti organizacii raboty s det’mi-migrantami i bezhencami [Features of the organization of work with migrant and refugee children]. – Osipovichi, 2016. – 9 p.
- 2 Save the Children’s Child Protection Strategy 2013–2015 / Making the world a safe place for children. In Electronic resource. – 2013. – 40 p.

3 **Alieva, T. I., Buchilova, I. A.** Problemy sociokul'turnoj adaptacii detej mladshogo shkol'nogo vozrasta, vospityvayushchih v usloviyah dvuyazychiya v sem'yah migrantov [Problems of socio-cultural adaptation of children of primary school age brought up in conditions of bilingualism in migrant families]. In Sborniki konferencij NIC Sociosfera. – Moscow, 2013. – 154 p.

4 **Bondyreva, S. K., Kolesov, D. V.** Көши-қон (мәні мен қыбылысы) [Migration (essence and phenomenon)]. – Moscow : Мәскеу психологиялық-әлеуметтік институтының баспасы. – Voronezh, 2004. – P. 53–71.

5 **Zborovskij, G. E., Shchuklina, E. A.** Obuchenie detej migrantov kak problema ih social'noj adaptacii [Teaching children of migrants as a problem of their social adaptation // Sociological Research]. In Sociologicheskie issledovaniya. – Ekaterinburg, 2013. – 80–91 p.

6 **Baranova, V. V.** YAzykovaya socializaciya detej migrantov [Language socialization of migrant children]. In Antropologicheskij forum. – Saint Petersburg, 2012. – P. 157–172.

7 **Shaposhnikova, T. D.** K probleme adaptacii detej iz semej migrantov v sovremennom sociokul'turnom prostranstve [To the problem of adaptation of children from migrant families in the modern socio-cultural space]. In Nach. shk. plyus do i posle. – Rostov n/D, 2012. – P. 87–91.

8 **Deti-migranty v rossijskih shkolah** [Migrant children in Russian schools] [Stat'ya o SHkolah]. In GlavCprav., 2011 – 3 p.

9 **Gabuniya, G. G.** Programma psihologo-pedagogicheskogo soprovozhdeniya sociokul'turnoj adaptacii detej migrantov [The program of psychological and pedagogical support of the socio-cultural adaptation of migrant children]. – Moscow, 2007. – 74 p.

10 **Dopolnitel'naya obshcheobrazovatel'naya programma «Budem znakomy» (Sociokul'turnaya adaptaciya detej-migrantov 6,5–10 let)** [Additional general educational program «Let's Get to Know» (Socio-cultural adaptation of children-migrants 6.5–10 years old)]. – Saint Petersburg, 2018. – 37 p.

11 **Kultan, T. V., Kozik, J., Minasyan, T.** Meaningfulness of Academic Migrants : Education, Its Assessment and Modeling on IT-based Technologies. – Moscow, 2016. – P. 485–498.

Материал 03.10.21 баспаға түсті.

**Н. О. Байгабылов*

Франкфуртский университет прикладных наук,
Германия, г. Франкфурт на Майне
Материал поступил в редакцию 03.10.21.

ПРОБЛЕМЫ СОЦИАЛЬНОЙ АДАПТАЦИИ МИГРАНТОВ

Миграционные процессы – одна из самых актуальных проблем современного общества. Основная проблема – психологическое, психосоциальное и социальное благополучие мигрантов во время миграции из принимающих регионов. Одним из ключевых вопросов в сфере миграции является изучение условий и механизмов, обеспечивающих эффективную социальную адаптацию мигрантов, особенно детей. Адаптация мигрантов к новой социальной среде на основе социокультурных условий как особая категория в миграционном процессе детей, перемещающихся самостоятельно.

Дети и подростки из семей мигрантов – активные участники различных деструктивных действий. На деструктивное поведение обычно влияют ранее неизвестные ценности, общие модели поведения, взаимодействия с местными жителями и т. д. Независимо от того, нравится или не нравится ребенок принимающей среде. Несмотря на связанные с этим проблемы, он должен адаптироваться к новым культурным условиям, то есть к социальной среде, и нуждается в поддержке в этом направлении.

Согласно исследованиям зарубежных ученых, детям и подросткам из семей мигрантов необходимо адаптироваться к новой культуре, сохраняя при этом свою культуру, без социальных травм.

Социальный работник будет главным героем этой темы. Роль социального работника в социальной адаптации мигрантов значительна, и нельзя игнорировать педагогические проблемы.

Ключевые слова: мигрант, социальный работник, адаптация, миграция.

**N. O. Baigabylov*

Frankfurt University of Applied Sciences,

Germany, Frankfurt am Main.

Material received on 03.10.21.

PROBLEMS OF SOCIAL ADAPTATION OF MIGRANTS

Migration processes are one of the most pressing problems of modern society. The main problem is the psychological, psychosocial and social well-being of migrants during migration from receiving regions. One of the key issues in the field of migration is the study of conditions and

mechanisms that ensure effective social adaptation of migrants, especially children. Adaptation of migrants to a new social environment based on socio-cultural conditions as a special category in the migration process of children moving independently.

Children and adolescents from migrant families are active participants in various destructive actions. Disruptive behavior is usually influenced by previously unfamiliar values, shared patterns of behavior, interactions with local residents, etc. Whether the child likes or dislikes the host environment. Despite the problems associated with this, he must adapt to new cultural conditions, that is, to the social environment, and needs support in this direction.

According to studies by foreign scientists, children and adolescents from migrant families need to adapt to a new culture, while maintaining their culture, without social trauma.

The social worker will be the protagonist of this theme. The role of the social worker in the social adaptation of migrants is significant, and pedagogical problems cannot be ignored.

Keywords: migrant, social worker, adaptation, migration.

Теруге 03.10.2021 ж. жіберілді. Басуға 20.10.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

696 Кб RAM

Шартты баспа табағы 6,04.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3842

Сдано в набор 03.10.2021 г. Подписано в печать 20.10.2021 г.

Электронное издание

696 Кб RAM

Усл.печ.л. 6,04. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: Исакова З. С.

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3842

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-humanitar.tou.edu.kz